Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Құқықтану» кафедрасының PhD докторант Қалмырзаев Болат Аюбаевичтің «Діни экстремистікке қарсы іс-қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз ету жүйесі» тақырыбындағы 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының кандидаты, доцент Битеміров Қайрат Тұрлыбайұлының берген

ПІКІРІ

PhD докторант Қалмырзаев Болат Аюбаевичтің «Діни экстремистікке қарсы іс-қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз ету жүйесі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы өте өзекті мәселелердің біріне арналған. Діни экстремизм Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігімен қатар аймақтық, халықаралық бейбітшілікке төнген аса қауіпті құбылыс.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында жүргізген нәтижелі зерттеу жұмысы екендігін көрсетті.

PhD докторант Қалмырзаев Болат Аюбаевич ұлттық қауіпсіздік саласының кәсіби қызметкері ретінде діни экстремизммен күрес және діни экстремизмге қарсы іс-қимал шараларын толық меңгерген. діни экстремизмге қарсы іс-қимал саласын зерттеуде негізгі мақсаттар мен міндеттерін жүйелі тұжырымдаған.

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың өзара әрекеттесу маңыздылығы көрсетілген.

PhD докторант Қалмырзаев Болат Аюбаевич зерттеу жұмысы барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған ғылыми тұжырымдарының шынайылығы және негізделуі теориялық-әдіснамалық негізделуімен, жұмыстың ғылыми деректерінің нақтылығымен айқындалған және мақсат пен міндеттерінің қисындылығымен, тұжырымдарының деректік тұрғыда дәйектелуімен қамтамасыз етілген.

Біріншіден Халықаралық құқықтық және ұлттық заңнама жүйелерінде «діни экстремизм» ұғымының бекітілуінің тарихи-құқықтық негіздері жасалған.

Екіншіден діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша жүйелі мемлекеттік органдардың өклеттіктерін және құзыреттерін нақтылау қажеттілігі турасында тұжырым жасалған.

Үшіншіден мемлекет тарапынан діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша ұлтық қауіпсіздік тұрғысынан мемлекеттік бағдарламалар мен кешенді шараларды нақтылау ұсынылған.

Төртіншіден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік күштері қызметінде діни экстремистікке қарсы іс-қимыл бойынша қалыптасқан іс-

әрекеттер жүйесінің жедел іздестіру, сотқа дейінгі тергеу мен сот тәжірибесіне зерделеу жасалған.

PhD докторант Қалмырзаев Болат Аюбаевич диссертациялық жұмысында тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың жаңашылдық деңгейі Қазақстан Республикасының уәкілетті, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар үшін қолданбалы маңызды ие.

Қазақстан Республикасындағы ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз ету жүйесі заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілер нормаларын жетілдіруге, сондай-ақ оларды қолдану мүмкіншілігімен анықталады. Сонымен бірге аталған зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындары мен құқық қорғау мен арнайы қызмет органдарының қызметінде немесе олардың арнайы оқу орындарында арнайы оқу курсы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу жұмысында жасалған тұжырымдар, қорытындылар мен нәтижелерді ұлттық қауіпсіздік саласындағы қатынастарды реттеуге қатысты заң жобаларына ұсынысжасау мен діни экстремизмге қарсы қарсы іс-қимылға қатысты ғылыми жобаларды әзірлеуге болады.

Қорытындылай келе, ұсынылып отырған **Қалмырзаев Болат Аюбаевичтің** философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған **«Діни экстремистікке қарсы іс-қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз ету жүйесі»** тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы барлық қойылған талаптар мен ережелерге сай орындалғаны және 6D030100–«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға лайық-деп, есептеймін.

Ғылыми кеңесші, з.ғ.к.,
(PhD) қауымд. профессор,
ҚР ҰЗА академигі **Қ.Т. Битемиров**

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» * * «КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ БАСҚАРМАСЫ